

Боранбаева А.Қ.¹, Рахматуллаева Д.Ж.²

¹1-курс PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: boranbaeva7777@mail.ru

²PhD докторы, доцент м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Dinara.Rakhmatullayeva@kaznu.kz

**ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІНЕ ТАРТЫЛҒАН
ТІКЕЛЕЙ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ
ҮРДІСТЕРІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ**

Бәсекеге қабілетті ұлттық экономиканы қалыптастыру үшін тиімді инвестициялық басқару жүйесін әзірлеу қажет. Осы мақсатта авторлар Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың (ТШИ) ағындарын тарту процесін зерттеуге тырысты. Талдау үшін Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің және БҰҰ Сауда және даму жөніндегі комитетінің талдамалық деректері пайдаланылды. Бұдан басқа, мақалада ТМД кеңістігінде ТШИ тарту мәселесі де қарастырылды. Деректерді мұқият талдау негізінде Қазақстан экономикасына шетелдік инвесторлардың қызығушылығын тудыратын басым секторларды, сондай-ақ республикадағы ТШИ өсуіне ықпал ететін жобаларды анықтауға мүмкіндік берді. Авторлар, бір жағынан, елдің ғылыми және инженерлік, шағын және орта бизнестің дамытуға үлес қосатын, екінші жағынан, салаларды және аймақтарды инновациялық дамытуды қамтамасыз етуге, инновациялық кластерлердің инфрақұрылымын нығайтуға бағытталған инвестициялық саясатты барынша тиімді жүзеге асыру қажет деп санайды. Талдаудың тәжірибелік маңыздылығы қолайлы инвестициялық климатты қамтамасыз ету және Қазақстандағы инвестициялық ағымдарды реттеудің жетілдіру жолдарын анықтау болып табылады.

Түйін сөздер: Қазақстан, ұлттық экономика, тікелей шетелдік инвестициялар, инвестициялық саясат, ТМД, әлемдік үрдістер.

Боранбаева А.К.¹, Рахматуллаева Д.Ж.²

¹PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: boranbaeva7777@mail.ru

²доктор PhD, и.о. доцента, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Dinara.Rakhmatullayeva@kaznu.kz

**Экономический анализ текущих тенденций привлеченных
прямых иностранных инвестиций в Казахстан**

Для формирования конкурентоспособной национальной экономики, безусловно, необходимо развивать эффективную систему управления инвестициями. С этой целью авторы предприняли попытку исследовать процесс привлечения потока прямых иностранных инвестиций (ПИИ) в Казахстан. Для анализа были использованы аналитические данные Комитета по статистике Республики Казахстан и Комитета ООН по торговле и развитию. Кроме этого, в статье также рассматривается привлечение ПИИ в пространстве СНГ. Содержательный анализ данных позволил выявить приоритетные сектора, представляющие интерес иностранных инвесторов в экономике Казахстана, а также проекты, способствующие росту ПИИ в республику. Авторы считают, что необходимо максимально эффективно реализовывать инвестиционную политику, которая, с одной стороны, способствует развитию научного и инженерного потенциала страны, развитию малого и среднего бизнеса, а с другой стороны, направлена на обеспечение инновационного развития отраслей и регионов, на укрепление инфраструктуры инновационных кластеров. Практическая значимость проведенного анализа состоит в том, чтобы обеспечить благоприят-

ный инвестиционный климат и определить способы улучшения регулирования инвестиционных потоков в Казахстане.

Ключевые слова: Казахстан, национальная экономика, прямые иностранные инвестиции, инвестиционная политика, СНГ, мировые тенденции.

Boranbaeva A.K.¹, Rahmatullaeva D.Zh.²

¹PhD student, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: boranbaeva7777@mail.ru

²PhD, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: Dinara.Rakhmatullayeva@kaznu.kz

Economic analysis of current trends of attracted foreign direct investment in Kazakhstan

To form a competitive national economy, it is absolutely necessary to develop an effective investment management system. Due to this, the authors attempted to investigate the process of attracting a flow of foreign direct investment (FDI) to Kazakhstan. Analytical data of the Committee on Statistics of the Republic of Kazakhstan and the UN Committee on Trade and Development were used for analysis. In addition, the article also considers the attraction of FDI in the CIS region. A meaningful analysis of the data made it possible to identify priority sectors that are of interest to foreign investors in the economy of Kazakhstan, as well as projects that contribute to the growth of FDI in the republic. The authors believe that it is necessary to implement the most effective investment policy, which, on the one hand, contributes to the development of the scientific and engineering potential of the country, the development of small and medium-sized businesses, and on the other hand, is aimed to ensure innovative development of industries and regions, to strengthen the infrastructure of innovation clusters. The practical significance of this analysis is to ensure a favourable investment climate and to identify ways to improve the regulation of investment flows in Kazakhstan.

Key words: Kazakhstan, national economy, foreign direct investment, investment policy, CIS, world trends.

Кіріспе

Қоғамның инновациялық дамуы экономика, басқару, ғылым, білім, мәдениет сынды басқа салалардың да жүйелі негізде қайта құрылуына әкеледі. Әсіресе экономиканың дамуы мемлекеттің ілгерілеуіне оң әсер етері анық. Себебі экономиканың инновациялық дамуы нарыққа үнемі жетілдірілген техникалық құралдар мен технологияларды қолдана отырып және білімге негізделген интеллектуалдық қызмет негізінде жаңа өнімдер мен қызметтердің пайда болуын қамтамасыз етеді. Инновациялық дамудың мақсаты халықтың сұранысын сапалы өнімдермен қамтамасыздандырып, мемлекеттің әлеуметтік базасын жақсарту үшін мүмкіндіктерді кеңейтеді. Дамушы мемлекеттердің инновациялық бағытта қарыштап дамуы күрделі, әрі көп қаражатты талап етеді. Осы бағытта дамыған елдер тәжірибесі мен тікелей шетел инвестицияларын тарту басты проблема. Ал шет мемлекеттермен тығыз қарым-қатынас жасауда мемлекеттік қолдаулар мен шетел инвесторларына қолайлы орта керек. Осы бағытта мемлекеттік саясат пен іс-шараларға, ғалымдардың көз-қарастарына аса назар аударылғаны дұрыс.

Соңғы он жылдықта Қазақстан мемлекетінің экономикасы жаңа бағыттағы өзгерістерді бастан кешірді. Бұл жолда шетел инвесторларына нарықтық қағидаларға негізделген ашық, әрі

іскерлік тартымды орта қалыптасты. Бірақ шетелден тартылған қаражаттардың басым бөлігі шикізат секторына тартылып, елдің инновациялық бағытта дамуында қызығушылық бәсеңдеу болды.

Шетел инвестициясын тартуда инвестициялық саясатты зерттеп алған дұрыс. Инвестициялық саясат өте кең ұғым. Бірінші микро деңгейде қарастырсақ, кәсіпорындардың, банктер, сақтандыру және инвестициялық қорлардың, сонымен бірге жеке тұлғаның саясаты болуы мүмкін. Ал, макро деңгейде мемлекеттік деңгейде, аймақтық деңгейде қарастырылады.

Мемлекеттің инвестициялық саясатының объектісі: заңдар, инновациялар, инфрақұрылым, ғылым мен білім, ақша айналымы, баға мен инфляция, бәсекелестік деңгей, төлем балансы, сыртқы экономикалық байланыстар, қоршаған орта, жұмысбастылық және әлеуметтік қарым-қатынастар, т.б. құралады. Инвестицияға қатысты сұрақтардың көбісі мемлекеттік деңгейде шешілгенімен, ғылыми-техникалық, инновациялық қызметке байланысты сұрақтар аймақтық қолдаусыз шешілмейді. Тек аймақтық деңгейді ескере отырып қана нәтижеге жетуге болады (Смирнов Ю., 2012). Кез келген мемлекеттің ТШИ тартудағы тартымдылығы түрлі болып келеді. Дәстүрлі бағыттағы ғалымдар нарық көлемі, еңбекақы, айырбас бағамы сияқты экономикалық факторлардың ТШИ тартымдылығына

әсер етуін қарастырды (Кейвс Р.Е. 1974; Дуннинг Дж.Х., 1980; Гросс Р., 1996). Басқа зерттеушілер институционалдық факторлардың ТШИ-ге әсер етуін зерттеді. Жүргізілген талдаулар бойынша саяси тұрақтылық, демократия, заңның үстем болуы, яғни институционалдық факторлар ТШИ-ға тартымдылық тудырады десе (Глоберман С., 2003; Лори Д.У., 1995; Сетхи, Д., 2003), жемқорлық, салық саясаты, мәдени қашықтық керісінше шетел инвестициясының тартымдылығын тежейді (Глоберман С., 2003; Хабиб, М., 2002; Лори Д.У., 1995) деп көрсетеді. Бұл талдаулардан байқағанымыздай, ТШИ-ге институционалдық факторлардың әсер етуі әр түрлі көзқараста екендігі байқалады. Бұған мысал ретінде, кей ғалымдар саяси тұрақтылық ТШИ тікелей байланысы бар екендігін дәлелдесе (Лори Д.У., 1995; Сетхи, Д., 2003), басқа ғалымдар екі фактор арасында маңызды байланыс жоқ екендігін көрсетеді (Глоберман С., 2003; Кобрин, С.Ж. 1976). Салық заңдылығы мен ТШИ арасындағы байланыста сол сияқты, бірі кері әсер етеді десе (Гастанага, В.М., 1998; Лори Д.У., 1995), екінші көзқарастағы ғалымдар байланыстарды маңызды емес дейді (Чакрабарти, А. 2001; 89-113.).

Қазіргі уақытта жоғарыда келтірілген отандық, шетелдік ғалымдар көзқарастарына қосымша мемлекеттің даму деңгейі, аймақтардың тартымдылығы мен бәсекелестік ортаның қалыптасуына аса назар бөлінуі қажет. Себебі бұл әсер етуші факторлар мемлекеттік жаһандануға әкелетін қозғаушы күштер. Осы факторларды ескере отырып құрылған жобалар мен бағдарламалар елімізді шикізаттық бағытта ғана емес, өнеркәсіптік, инновациялық бағытқа бет алуымызға әкеледі. Мемлекеттің енді тек инвестициялық бағытта жүргізілетін саясаты ғана маңызды емес, инновациялық үлгідегі бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруда жүргізілетін шаралар керек. Инновациялық бағытқа негізделген шетел инвестицияларын тарту қажет. Инновациялық даму ең алдымен, адамның, ұйымның, фирманың, аймақтың, өнеркәсіптердің, мемлекеттің жағдайы мен қабілеттілігін арттыруға негізделген инновациялық әлеуетін жақсартуды қамтамасыз етеді. Иновациялық дамудағы ерекшелік арнайы мақсатта қайта құрылымдауға арналған көптеген шаралар мен құралдардың қолдану аясын кеңейтіп, жүйені және процестерді жаңғырту керек.

Материалдар мен әдістер. Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасында белгілі инвестициялық қызметті жетілдіру үшін бірнеше шаралар көзделген.

Шетел инвесторлары үшін:

1) көші-қонды бақылау рәсімдерін жақсарту;
2) шетелдік жұмыс күшін тарту рәсімдерін жетілдіру;

3) визасыз режимді кеңейту.

2. Фискалдық жүйе:

1) салық және кеден заңнамасын әкімшілендіруді жетілдіру;

2) трансферттік баға белгілеуді жетілдіру;

3. Жүйелік құралдарды жақсарту:

1) Инвестициялық штаб шеңберінде стратегиялық инвесторлар мен ТҰК мәселелерін қарау;

2) инвесторлар үшін «бір терезе» қағидаты бойынша қызметті жетілдіру жолдары қарастырылды. (Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы)

Инновациялық саясаттың негізгі мақсаты қоғамдағы барша институттарды болашақта дамуды анықтайтын бағыттағы жаңа институционалды нысанда құра отырып, яғни ғылымның дамуына және ондағы нәтижелерді экономикада, қоғамның технологиялық және тұрмыстық деңгейін көтеруді ынталандырушы жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға сәйкестендіру болып табылады. Осылайша, инновациялық саясатты іске асыру деңгейі анықталады. Оның қолданылу саласы ғылым, білім беру және экономика (кәсіпкерлікті, өндірісті, қаржы жүйесін, ғылыми-техникалық кадрларды, халықтың ғылыми және техникалық сауаттылығын қоса алғанда) сияқты негізгі бағыттарға сүйене отырып, барлық әлеуметтік-экономикалық жағдайды қамтиды. Осылайша, инновациялық процесті қаржыландыруға, сондай-ақ оның сабақтастығын қамтамасыз ету мәселелер жиынтығы инновациялық салаға бағытталған инвестициялар ағынын реттеу олардың өсуін ынталандыру арқылы қол жеткізіледі. Бұл бағытта инновациялық саясатты жүзеге асыру тактикалық құрал ретіндегі инвестициялық саясатты пайдалану арқылы қол жеткізіледі (Пищулин О.В., 2014: 159).

Сонымен қатар, инновациялық-инвестициялық саясатты жүргізуде сценарий ойластыру, тиімдісін таңдауға да мән берілген дұрыс. Мысалы, ғалымдар пікірінше, инновациялық-серпінділік сценарий инвестицияларды қайта өңдеу, жаңа, қарқынды дамып келе жатқан салаларға арнап инвестициялық құрылымды өзгертуді көздейді. Бірақ бұл жерде бастапқы кезеңдерде тәуекел жоғары болуына орай мем-

лекеттік қолдау шараларын күшейту керек. Постиндустриалдық технологиялардың сипатына сәйкес келетін технологияларға, инновациялық серпінділік бағытындағы кадрларды даярлау мақсатындағы ауқымды жобаларға, ақпараттық технологияларды және Интернетті дамытуға, ресурстарды үнемдейтін, экологиялық таза технологияларға және ұлттық инновациялық жүйелерді қалыптастыруға арналған инвестицияларды тартуда басымдық беру керек (Нурланова Н.К., 2013; Яковец Ю.В., 2008 г.).

Қазақстандық ғалымдар пікірінше елімізге шетел инвестицияларының тартылуына инвестициялық климат, табиғи ресурстардың молдығы және стратегиялық орналасуы және халықаралық несиелік рейтингтің оң нәтиже көрсетуі тартымдылықты арттырады, ал бюрократия, қаржылық тәуекел, Қазақстанның салықтық және қаржылық режимі; құқық саласындағы жиі өзгерістер, валюталық тұрақсыздық шетел инвестициясын тартуға кері әсер ететіндігін көрсетеді (Сагандыкова С., 1994).

Инвестициялық қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасалып, арнайы экономикалық аймақтардың, индустриалды аймақтардың инвестициялық тартымдылығын арттыру және мемлекеттік-жеке меншік әріптестік механизмдерін дамыту арқылы инвестициялар тарту арналары кеңейтілді (Нурсейтов А.А., 2004).

Қазақстанға шетел инвестициялар тарту үшін көптеген іс-шаралар жүргізілуі керек. Біздің ел үшін салық салу тәртібін ретке келтіру керек. Шетел компаниялары салық жеңілдіктеріне және инвестициялық жобаны іске асыратын орынға аса назар аудармайды. Оларға айқын, ақылға қонымды және болжамды салық жүйесінің болуы маңыздырақ. Сонымен бірге, инвестициялық тартымдылықты арттыруда банк жүйесін нығайту маңызды, яғни шетел банктерінің елімізде көбеюі шетел инвесторларын тартуға септігін тигізеді. Ерекше тапсырмалардың бірі кеден органдарының жұмысын оңтайландыру, жемқорлықтың азаюына септігін тигізеді. (Байзақов С., 2002).

Әдебиеттерді шолу. Бұл мақаланы жазу үшін деректер сапалы әдістермен жиналды. Көрсеткіштер Қазақстан Республикасының статистикасы Агенттіктен алынды. Инвестицияларды басқару туралы заңдарға талдау жасалды, атап айтқанда:

«Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының 373-ІІ Заңы (өзгертілген және толықтырылған);

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

«Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1113 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазан № 375.

Соңғы онжылдықтағы инвестициялар біртекті, яғни маңызды бөлігін шикізат секторы құрайды. Бірақ ұзақ мерзімге шикізат секторына тартылған инвестициялар экономиканың бәсекелестігін сақтай алмайды. Сондықтан тұрақты экономикалық дамудың алғышарттарына инновациялық кәсіпорындардың пайдасына арналған инвестиция ағындарын қайта бөлу өте маңызды. Отандық инновациялық кәсіпорындар инвестициялардың көздерінде ғана тәуелді емес, сонымен бірге инвестицияларды тиімді басқару құралдарына да тәуелді.

Нәтижелер мен талқылау.

Әлемдік экономикаға капиталдың қозғалысы туралы жаһандық үрдістерді қарастырсақ, 2015 жылы ТШИ-дің күшті өсуі болғанына қарамастан 2016 жылы ТШИ өсу қарқыны төмендеген. БҰҰ-ның сауда және даму комитетінің деректеріне сүйенсек, ТШИ ағыны 2% кеміп, 1,75 трлн. АҚШ долл. құраған. Бұлай ТШИ ағынының азаю себебі әлемдік экономикада дағдарыстан кейін әлсіз экономикалық даму және елеулі стратегиялық тәуекелдер әсер еткен. Әсіресе дамушы елдерге ТШИ ағыны 14% дейін күрт төмендеп, 646 млрд. АҚШ долл. құрады.

Еліміз өз тәуелсіздігін алғалы шет мемлекеттерден 260,8 млрд. АҚШ долл. көлемінде инвестиция тартылды. Қазіргі таңда ТМД елдері арасында халықтың жан басына шаққанда тікелей шетелдік инвестициялардың ағыны бойынша, Түркменстан және Әзербайжан мемлекеттерінен кейін үшінші орында (БҰҰ-ның сауда және даму комитеті).

Қазақстан Республикасында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 2016 жылғы (қаңтар-шілде) 3 677,7 млрд. теңгені құрады. Бұл 2015 жылмен салыстырғанда 6,3%-ға артық. 2015 жылғы (қаңтар-шілде) салыстырғанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсуі 6 өңірде байқалады. Инвестициялардың ең көп өсуі Атырау облысы 1,5 есе, Батыс Қазақстан облысы 1,3 есе, Жамбыл облысы мен Астана қаласы 1,0 есеге артқан. (1-кесте).

1-кесте – Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызмет. Аймақтар бойынша негізгі капиталға тартылған ішкі және сыртқы инвестициялар (ҚР статистикалық агенттігінің мәліметтері негізінде құрастырылған)

Негізгі құралдарға тартылған инвестициялар	Ішкі	Сыртқы	Аймақтар
3 677 717 592	2 376 375 886	1 301 341 706	Барлығы
95 459 873	89 055 341	6 404 532	Ақмола обл.
147 007 491	125 702 906	21 304 585	Ақтөбе обл.
269 305 971	247 468 761	21 837 210	Алматы обл.
1 093 131 020	423 360 132	669 770 888	Атырау обл.
194 799 069	61 285 517	133 513 552	Шығыс Қазақстан обл.
111 074 050	65 784 682	45 289 368	Жамбыл обл.
159 048 651	98 694 386	60 354 265	Қарағанды обл.
78 471 542	73 730 100	4 741 442	Қостанай обл.
73 590 024	56 867 841	16 722 183	Қызылорда обл.
210 117 892	169 284 708	40 833 184	Маңғыстау обл.
166 358 555	139 128 974	27 229 581	Оңтүстік Қазақстан обл.
209 846 668	106 520 915	103 325 753	Павлодар обл.
70 417 367	69 095 288	1 322 079	Солтүстік Қазақстан обл.
174 679 700	82 585 892	92 093 808	Батыс Қазақстан обл.
383 894 033	362 422 645	21 471 388	Астана қаласы
240 515 686	205 387 798	35 127 888	Алматы қаласы

2016 жылдың (қаңтар-шілде) айларында инвестиция көлемі салалар бойынша ғимараттар мен ғимараттардың құрылысы мен күрделі жөндеуі 2 084,6 трлн теңгені құрады (2-кесте). Біз-

дегі инвестицияның басым бөлігі ғимараттар салуға, жөндеу жұмыстарына жұмсалатындығы байқалады. Инновациялық бағыттағы инвестициялар көлемі төмендеген.

2-кесте – Шығындардың түрлері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар (ҚР статистикалық агенттігінің мәліметтері негізінде құрастырылған)

	Негізгі капиталға салынған инвестициялардың игерілгені		Соның ішінде					
			Шағын кәсіпорындар бойынша		Орта кәсіпорындар бойынша		Ірі кәсіпорындар бойынша	
	Мың теңге	Өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен	Мың теңге	Өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен	Мың теңге	Өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен	Мың теңге	Өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен
Негізгі капиталға салынған инвестициялар	3 677 717 592	106,3	1 404 539 156	85,5	278 366 904	124,7	1 994 811 532	125,2
Соның ішінде:								

Ғимараттар салу	2 084 576 664	113,2	1 043 853 210	96,2	140 467 502	166,6	900 255 952	134,0
Олардан:								
Құрылыс-монтаж жұмыстары	2 000 498 836	113,1	1 018 990 560	96,3	134 406 446	170,7	847 101 830	133,9
Машиналар құралсаймандар	999 060 461	96,6	279 031 930	58,8	113 084 533	119,9	606 943 998	130,4
Өзге де шығындар	594 080 467	103,5	81 654 016	105,0	24 814 869	57,3	487 611 582	107,7

Инвестициялар және даму министрлігінің 2017-2019 жылдарға арналған үш жылдық бюджеті 2 274,6 млрд. теңге жұмсау көзделінген. Оның ішінде: ұлттық инновациялық жүйені дамытуға жәрдемдесуге – 8,3 млрд теңге қарастырылған. (ҚР инвестициялар және даму министрлігі мәліметтері)

Өтпелі экономикадағы елдері арасындағы ТШИ ағынын қарастырсақ, 2016 жылы 68 млрд. АҚШ долл. жетті. Сонымен бірге Қазақстан мен Ресей мемлекетінің негізінде ТМД және Грузия мемлекеттерінде ТШИ көлемі екі есеге өскен. Керісінше, Оңтүстік-Шығыс Европада ТШИ 5% азайған, себебі дамушы мемлекеттерге деген инвесторлар қызығушылығы артқан. Қазақстан мен Ресейге ТШИ ағынының көлемі 81% артып, жалпы сомасы 68 млрд. АҚШ долл. құрады. Бұл көрсеткіш 2008 жылғы рекордтық 118 млрд. АҚШ долл. көлемінен дайын өнімді экспорттауды жақсарту есебінен 2015 жылы ЖІӨ-нің төмендеуінен кейінгі экономикалық құлдырау осындай айтарлықтай «секіру» факторы болып табылады, бұл ішінара мұнай бағасының тұрақтандырылуын көрсетеді. Дегенмен, Ресейге тартылған ТШИ көлемі 2008 жылдың жартысынан да (76 млрд. АҚШ доллары) және 2013 жылға қарағанда 29%-ға төмен (53 млрд. АҚШ доллары) болды, бұл Ресей мен 2014 жылдан бастап сауда серіктестері арасындағы сауда шектеулеріне байланысты күрт төмендеген.

Теңізге шығу мүмкіндігі жоқ ТМД елдерінің ішінде Қазақстан инвесторлар үшін ең тартымды болып табылады және ТШИ-дің ағыны екі есе артып, 9 миллиард АҚШ долларына жеткен. Бұл өсім негізінен тау-кен өнеркәсібіндегі геологиялық барлау жұмыстарын күшейту негізінде және жаңа инвесторлардың қызығушылығын арттыруға байланысты артқан.

Жаңа мегажобада ЖШС «Теңізшевройл» халықаралық консорциумы «Теңіз» мұнай кен орнында жергілікті «мұнай алыптарын» кеңейтуге инвестиция сала бастады. Сарапшылар пікірінше, осы жобаның құны 36,8 млрд. АҚШ долл. және оншақты жылға жетуі мүмкін, бірақ жаңа мұнай өндірісі 2022 жылы басталуы мүмкін. Бұл жобадан байқағанымыздай, шетелдік инвесторлар өздерінің ұзақ мерзімді ТШИ Қазақстанның көмірсутегі және минералдық шикізат қорларына салуға қызығушылықтары артып, әрі қарайда Қазақстан экономикасының шикізат бағытында жұмсауды жалғастыруда.

2016 жылы Қазақстанға дәстүрлі емес инвесторлардан ТШИ тартылды, оның ішінде Қытай, Үндістан және Иран инвесторлары анықталған. Қытайдың нарықта он жылдан астам қызмет атқарып жүрген мемлекеттік «Sinorec» мұнай фирмасы ресейлік «Лукойл» мұнай компаниясына тиесілі 1,1 миллиард долларлық жергілікті активтерді сатып алу есебінен ТШИ-дағы үлесін арттырды. Үндістаннан келетін ТШИ Үндістанның «Bharata Heavy Electrics» компаниясының Теңіз кенішіндегі газ турбиналық генераторларға инвестициялауға байланысты, сондай-ақ «Самұрық Энерго» қазақстандық компаниясымен ұлттық энергетикалық секторда бірлескен кәсіпорын құру арқылы күрт өсті. Иранның «Niroo Transfo» компаниясы Шымкент қаласында трансформаторлық мұнай өндіру зауытын салу үшін шамамен 1 млрд. АҚШ доллары болатын жергілікті серіктесімен бірлескен кәсіпорын құрды. Осылайша, бүгінгі таңда мұнай, газ және тау-кен өнеркәсібіне инвестициялардың үлесі әлі де ТШИ көлемінің үлкен бөлігін құрайды, алайда, ел үкіметі қосылған құн есебінен тауар өндірісінің негізінде өз салаларын кеңейтуге ұмтылуда. Мысалы, қытайлық «МСС

Baosteel» компаниясы мен қазақстандық 40% қатысу үлесін иеленетін, қазақстандық Eurasian Resources Group тау-кен компаниясы арасындағы ынтымақтастық нәтижесінде, жергілікті темір кенін өңдеуді ұлғайту үшін 1,2 миллиард АҚШ долларын құрайтын зауытты іске қосу жобасы іске асырылуда. Осылайша, ұзақ мерзімді инвесторлар Қазақстанда қолданыстағы өндірісті дамытуға қатысуын кеңейте отырып, жергілікті компаниялардың жарғылық капиталына инвестициялардың үлесін арттырды. Ресей ТМД елдері арасындағы ең ірі мемлекет екендігін ескерсек, Ресейдің ТШИ тартымдылығы төмендеген. Негізінде, Ресейдің импортты алмастыру стратегиялары жаңа ТШИ үшін мүмкіндіктер аша алады, бірақ бұл стратегияны жергілікті өндірушілер ғана қолданады. Ресейден айырмашылығы бар ТМД-ның басқа елдеріне де болжам «сенімді емес», соның ішінде Қазақстан экономикасына да қатысты, өйткені олардың барлығы Ресеймен жанама іскерлік байланыстардың болуына байланысты Ресей экономикасының баяу немесе теріс өсуінің зардаптарынан зардап шегеді.

Дегенмен, зерттеушілер пікірінше, Қытай Халық Республикасының «Ұлы Жібек жолы» экономикалық белдеуі мен «XXI ғасырдағы Теңіз Жібек жолы» (бірлескен «Бір белдеу – бір жол» деп аталатын) құрылысы бойынша бастамасы Қазақстанның инвестициялық келешегіне оң әсерін тигізуі мүмкін. Қазақстаннан басқа, әртүрлі аймақтардағы 60-тан астам ел «белдеу және жол» бағыты бойынша өтетіндіктен, болашақта ТШИ-дің жиынтық көлемі болжамды есептеу бойынша 9 триллион АҚШ долларынан асады деп күтілуде. (БҰҰ-ның сауда және даму комитеті).

Бәсекелестік заңына сәйкес шетел инвесторларын таңдауда инвестиция заңымен қоса, бәсекелестік ұғымы да ескеріле бастады. Бұл елімізде либерализациялау жолында жасалған қадамдардың бірі. Сонымен қатар, Қазақстан үшін инвесторлардың ресурстарды экспортқа шығаруға дейін қайта өңдеумен айналысу да маңызды. Себебі, жергілікті құн өсіп, елімізде жоғарғы және тұрақты табыстың түсуіне септігін тигізеді. Басты тапсырманың бірі, тікелей шетел инвестициясын тартушы салалар арасында байланыс орнату. Сондай-ақ табиғи ресурстарды өңдейтін тікелей шетел инвестициясын қолдай бермей өндіріспен айналысатын инвесторларды ынталандыру керек.

Жоғарыда айтылған оң көрсеткіштермен қатар, мемлекеттің инвестициялық саясатындағы

өзгерістерге шетелдік инвесторлар мен реципиент мемлекет үшін инвестициялау және инновациялық процесте зияткерлік меншікті, басқа да мүліктік құқықтарды қорғауды ұйымдастыру және сақтандыру кепілдіктерін қамтамасыз ететін басымдықтар қажет (Биргулиева Г.Ф. 2009).

Қорытынды

Инвестициялық саясаттың қазіргі бағыттары «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты ҚР Президентінің Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Ағымдағы дамудың маңызды мәселелерінің бірі – Қазақстан экономикасына келетін инвестициялар ағынын әртараптандыру болып табылады» деп назар аударылған болатын. (Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы)

Шетел инвесторларының біздің елімізге қызығушылығы бар, тек сол қаражаттарды мемлекетті дамыту мақсатына арналған бағыттарға дұрыс жұмсап, орынды басқара білу керек. Инвестициялық бағыт пен инновация арасында байланыс орнату керек.

Тартылатын тікелей шетел инвестицияларын аймақтар бойынша орналастыру, аймақтардың тартымдылығын арттыру мемлекеттің бірыңғай сипатта дамуына әкеледі. Бұл бағытта жүргізілу қажет іс-шараларға:

Аймақтың инвестициялық әлеуетін, күшті және әлсіз жақтарын бағалау;

Аймақтық даму стратегиясын жасау және жүзеге асыру;

Маркетинг, ұйымдастыру, техникалық шараларды жүргізуге негізделген жиынтық мақсатты бағдарламалар дайындау.

Мақсатты бағдарламаларға келесідей іс-шаралар енгізу керек:

– тұтастай алғанда аймақтың және оның бөлек бөлімшелерінің іскерлік әлеуеті туралы ақпаратты қамтитын бизнес карточкасын құру;

– инвестициялық үдерісіне қосу үшін өндірістік нысандардың деректер базасын оларды қалыптастыру;

– еркін кәсіпкерлік аймақтарын ашу;

– жекелеген салалар мен кәсіпорындардың бизнес-профилдерін қалыптастыру.

Қазіргі жағдайда тиімді инвестициялық саясат төрт негізді дамытуға негізделуі керек принциптері:

– инвестициялық қызметті заңнамалық қамтамасыз етуді жетілдіру;

– инвестициялық бағдарламалардың стратегиялық бағыттарына инвестициялық саясатты шоғырландыруды жүзеге асыру;

Кәсіпорындармен өзара іс-қимылды өз қаражатына жұмылдыру мақсатында ұйымдастыру. Бұл инвестицияларды дамытудағы аймақтық кәсіпорындардың өзара мүдделерін іске асыруға қатысты саясат.

2020 жылға дейінгі дамудың жоспары бес бағытта негізделген болатын: ел экономикасын дағдарыстан кейінгі дамуға дайындау; қарқынды индустрияландыру мен инфрақұрылымды дамыту есебінен экономиканың өсуінің дәйектілігіне қол жеткізу; адамдық капиталдың бәсекеге қабілеттігін арттыру мақсатында инвестицияны болашаққа белсене салу; ұлтаралық келісімді

нығайту, яғни халықаралық қатынастарды одан әрі дамыту. Ендігі бағыт жоғарыда келтірілген ұсыныстар мен бағдарламаларды ескере отырып елімізді дамыту, өркендету. Дұрыс ұйымдастырылған инвестициялық басқару тиімді жүйесі инвестициялық ресурстар шектелген жағдайда да отандық экономиканың инновациялық секторын дамыту үшін мүмкіндіктер жасай алады.

Дәстүрлі инвестициялардан динамикалық ғылыми-техникалық саясатқа, жаңа технологиялар мен өнімдерді жаңа білімдермен, менеджменттермен, кадрлық саясатымен технологиялық нарықтарда үйлестіретін, оның ішінде коммуникациялық және ақпараттық инфрақұрылымды бірыңғай конгломератқа біріктіретін арнайы инвестицияларға көшу керек.

Әдебиеттер

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты

Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жыл 27 қаңтар

ҚР статистика агенттігі. (2016): www.stat.kz.

ҚР инвестициялар және даму министрлігі www.mid.gov.kz

БҰҰ-ның сауда және даму комитеті <http://unctad.org>

Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қаңтардағы 373-ІІ Заңы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің «Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1113 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазан № 375.

Байзақов С. және басқалар (2002.) Қазақстан: сауда және инвестициялық саясатты талдау: Қазақстандағы ТАСИС жобалық қызметінің оқырмандары (EDKZ 9902). жергілікті кеңесшілер тобы / – Астана; Алматы: Арқаим, – 480 бет.

Биргулиева Г.Ф. (2009) Шетелдік тікелей инвестициялар Ресейдің инновациялық даму жағдайында экономикалық өсім факторы ретінде: автореферат. – С.-Петербург: Типография РГПУ им. Герцена.

Гастанага, В.М., Нугент, Дж.Б., Пашамова Б. (1998). Қабылдаушы елдің реформасы және ТШИ-дың ағыны: олар бір-бірінен қаншалықты ерекшеленеді? Әлемдік даму, 26 (7).

Глоberman С., Шапиро Д. М. (1999). Мемлекеттік саясаттың тікелей шетелдік инвестицияларға әсері: Канадалық тәжірибе. Халықаралық іскерлік зерттеулер журналы, 30 (3), 513-532.

Глоberman С., Шапиро Д. М. (2002). Шетелдік тікелей инвестициялардың ағындары: басқару инфрақұрылымының ролі. Әлемдік даму, 30 (11).

Глоberman С., Шапиро Д. М. (2003). Инфрақұрылымды басқару және шетелдік тікелей инвестициялар. Халықаралық іскерлік зерттеулер журналы, 34 (1), 19-39.

Гросс Р., & Тревиньо Л. Дж. (1996). Америка Құрама Штаттарына тікелей шетелдік инвестициялар: шыққан ел бойынша талдау. Халықаралық іскерлік зерттеулер журналы, 27 (1), 139-155.

Дуннинг Дж Х., Луннан, С. М. (2008). Институттар және көпұлтты кәсіпорынның OLI парадигмасы. Азия-Тынық мұхит аймағындағы менеджмент журналы, 25 (4), 573-593.

Дуннинг, Дж.Х. (1980). Халықаралық өндірістің эклектикалық теориясына кейбір эмпирикалық сынақтар. Халықаралық іскерлік зерттеулер журналы, 11 (1), 9-3.

Кейвс Р.Е. (1974). Тікелей инвестициялардың себептері – Канада мен Ұлыбританияның өңдеу өнеркәсібіндегі шетелдік компаниялардың үлестері. Экономика және статистикаға шолу, 56 (3), 279-293.

Кобрин, С.Ж. (1976). Өндіріске тікелей шетелдік инвестициялардың экологиялық детерминанттары: экс-эмпирикалық талдау ex post. Халықаралық бизнес зерттеулер журналы, 7 (2), 29-42.

Лори Д.У., & Гуисингер С.Е. (1995). Капиталға тікелей инвестициялардың саяси және бейресми детерминанты. Халықаралық іскерлік зерттеулер журналы, 26 (2), 281-299.

Нурсеитов А.А. (2004 ж.) Шетелдік тікелей инвестициялар Қазақстан Республикасында экономиканы дамыту факторы ретінде. Мақала. Жаңа ғасыр – Алматы. Қазақстанның ұлттық экономикасы.

Нұрланова Н.К. (2013) Экономикалық дамудың инновациялық серпінді сценарийі: Қазақстанда іске асыру мүмкіндіктері мен келешегі. e-history.kz

Пищулин О.В. (2014) Инновациялық саладағы инвестициялық қызметтің ерекшеліктері. Экономика ғылымдарының журналы, №2, 159-163

Сагандыкова С. (1994) Қазақстандағы шетелдік инвестициялар: экономикадағы инвестициялық процестерді талдау және болжау. – Алматы: Ғылым: <http://www.yaneuch.ru>

Сетхи, Д., Гайжингер, С.Е., Форд, Д.Л., Феллан, С.Е. (2002). Жасыл жайылымдарды іздеу: институционалдық және стратегиялық факторларға жауап ретінде шетелдік тікелей инвестициялардың өзгеру үрдісін теориялық және эмпирикалық зерттеу. Халықаралық бизнес шолу, 11 (6), 685-705.

Сетхи, Д., Гайжингер, С.Е., Феллан, С.Е., Берг Д. М. (2003). Тікелей шетелдік инвестициялардың ағындарының үрдістері: теориялық және эмпирикалық талдау. Халықаралық іскерлік зерттеулер журналы, 34 (4), 315-326

Смирнов Ю., Бромберг Г. (2012) Аймақтардағы инновациялық қызметті ынталандыру [Электронды ресурс] // <http://stra.teg.ru>

Хабиб, М., & Зуравски Л. (2002). Сыбайлас жемқорлық және тікелей шетел инвестициялары. Халықаралық бизнесті зерттеу журналы, 33 (2), 291-307.

Чакрабарти, А. (2001). Шетелдік тікелей инвестициялардың анықтамалары: шет аралық регрессиялардың сезімталдығын талдау. Киклос, 54 (1), 89-113.

Яковец Ю.В. (2008) Әлемнің және Ресейдің технологиялық даму болжамы және инновациялық серпіліс стратегиясы. – Мәскеу: MISK.

Литература

Государственная программа промышленного и инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана». 27 января 2012 г.

Статистическое агентство РК. (2016).: www.stat.kz.

Министерство инвестиций и развития Республики Казахстан, www.mid.gov.kz

Конференция Организации Объединенных Наций по торговле и развитию <http://unctad.org>

Закон Республики Казахстан от 8 января 2003 года «Об инвестициях» 373-III

Приказ Министра инвестиций и развития Республики Казахстан от 30 ноября 2015 г. № 1113 «О некоторых вопросах государственной поддержки инвестиций».

Предпринимательский кодекс Республики Казахстан, № 375-V от 29 октября 2015 г.

Байзаков С. и другие (2002.) Казахстан: анализ торговой и инвестиционной политики: читатель проектной деятельности TACIS в Казахстане (EDKZ 9902) с комментариями. Группы местных консультантов. – Астана; Алматы: Аркаим,– 480 стр.

Биргулиева Г.Ф. (2009) Прямые иностранные инвестиции как фактор экономического роста в условиях инновационного развития России: Автореферат на соискание ученой степени кандидата экон. наук. – СПб.: Типография РГПУ им. Герцена.

Гастанага, В.М., Нугент, Дж.Б., Пашамова Б. (1998). Реформы принимающей страны и приток ПИИ: насколько они отличаются друг от друга? Мировое развитие, 26 (7).

Глоberman С., Шапиро Д. М. (1999). Влияние государственной политики на прямые иностранные инвестиции: канадский опыт // Журнал международных исследований бизнеса. – 30 (3). – 513-532.

Глоberman С., Шапиро Д. М. (2002). Глобальные потоки прямых иностранных инвестиций: роль инфраструктуры управления // Мировое развитие. – 30 (11).

Глоberman С., Шапиро Д. М. (2003). Инфраструктура управления и прямые иностранные инвестиции США // Journal of International Business Studies, 34 (1), 19-39.

Гросс Р., & Тревино Л. Дж. (1996). Прямые иностранные инвестиции в США: анализ по странам происхождения. Журнал международных исследований бизнеса. – 27 (1). – 139-155.

Дуннинг Дж. Х., Луннан, С. М. (2008). Институты и парадигма OLI многонационального предприятия // Азиатский Тихоокеанский журнал управления. – 25 (4). – 573-593.

Даннинг Дж. Х. (1980). К эклектической теории международного производства. Некоторые эмпирические тесты // Журнал международных бизнес-исследований. – 11 (1). – 9-3.

Кейвс Р.Е. (1974). Причины прямых инвестиций – доли иностранных компаний в обрабатывающих отраслях Канады и Соединенного Королевства // Обзор экономики и статистики. – 56 (3). – 279-293.

Кобрин С.Ж. (1976). Экологические детерминанты прямых иностранных инвестиций в производство: Экс-эмпирический анализ ex post // Journal of International Business Studies. – 7 (2). – 29-42.

Лори Д.У., & Гуисингер С.Е. (1995). Политические и внешнеполитические детерминанты американского капитала прямые иностранные инвестиции // Журнал международных исследований бизнеса. – 26 (2). – 281-299.

Нурсеитов А.А. (2004) Прямые иностранные инвестиции как фактор экономического развития в Республике Казахстан. Статья. Новый век – Алматы. Национальная экономика Казахстана.

Нурланова Н.К. (2013) Инновационный прорывной сценарий экономического развития: возможности и перспективы реализации в Казахстане. e-history.kz

Пищулин О.В. (2014) Особенности инвестиционной деятельности в инновационной сфере // Журнал Экономика образования. – №2. – 159-163.

Сагандыкова С. (1994) Иностранные инвестиции в Казахстане: анализ и прогнозы инвестиционных процессов в экономике. – Алматы: Ғылым: <http://www.yaneuch.ru>

Сетхи, Д., Гайжингер, С.Е., Форд, Д.Л., Феллан, С.Е. (2002). Поиск более зеленых пастбищ: теоретическое и эмпирическое исследование изменения тенденции прямых иностранных инвестиций в ответ на институциональные и стратегические факторы // Международный обзор бизнеса. – 11 (6). – 685-705.

Сетхи, Д., Гайжингер, С.Е., Фелан, С.Е., Берг Д. М. (2003). Тенденции в потоках прямых иностранных инвестиций: теоретический и эмпирический анализ // Journal of International Business Studies. – 34 (4). – 315-326.

Смирнов Ю., Бромберг Г. (2012) Стимулирование инновационной деятельности в регионах. <http://stra.teg.ru>

Хабиб, М., & Зуравски Л. (2002). Коррупция и прямые иностранные инвестиции // Журнал международных исследований бизнеса. – 33 (2). – 291-307.

Чакрабарти, А. (2001). Детерминанты прямых иностранных инвестиций: анализ чувствительности межстрановых регрессий // Киклос. – 54 (1). – 89-113.

Яковец Ю.В. (2008) Прогноз технологического развития мира и России и стратегия инновационного прорыва. – М.: МИСК.